

17.11.2025 жылы "Араб тілін оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері" семинарының ашылуы өтті!

Сұлтан бен Абдулазиз Әл Сауд қайырымдылық қоры, Ислам әлемінің білім, ғылым және мәдениет ұйымы – ИСЕСКО, және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен Теология факультетінің оқытушыларына арналған ауқымды семинардың ашылу салтанаты өтті .

Ашылу рәсімінде құттықтау сөздері айтылды:

— Университет ректоры, э.ғ.к., профессор Темірбекова Жанар Амангелдіқызы
— Ректор өкілі, профессор, доктор Нажи Генч
— Сұлтан бен Абдулазиз Әл Сауд қайырымдылық қоры бас директорының орынбасары, доктор Абдулазиз әл-Макуши
— ИСЕСКО ұйымының өкілі, доктор Анас Хусам ан-Нуайми
— ҚР Сыртқы істер министрлігі жанындағы ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия Бас хатшысының орынбасары Бақберген Қойшыбаев
Қонақтардың құттықтау сөздерінен кейін Теология факультетінде семинардың алғашқы сабағы басталды.

Іс-шараға факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы және араб тілін меңгерген студенттер қатысты.

Бұл семинар араб тілін оқытудағы жаңа тәсілдерді меңгеруге және білім беру сапасын арттыруға үлкен серпін береді.

